

ҚАСКОР-ТРАНССЕРВИС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
БАҒДАР БӨЛМЕГІНЕН СЫНДАУАЛЫҚ
РЕГІОНАЛДА БІРІНШІ КАРГО ГАУАЛЫҚ
ЖАГДАЙДА БІРІНШІ КАРГО ГАУАЛЫҚ
СЫНДАУАЛЫҚ МАССАУАЛЫҚ
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



ҚАЗАҚСТАНДАКИ
ДАСТУРЛАВАННИЙ ҰЧРЕДДЕРДЕ
ДАСТУРЛАВАННИЙ КОМИТЕТ
ДАСТУРЛАВАННИЙ ЕССЕС ГІЗЕЛІНІК
МЕДІА-САНДЫҚЫ САЛЫКСЫЗ
МІНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ
ФІНАНСЛЫК РЕГУЛЯТОРИКАСЫ ҚАЗАҚСТАН
ДАСТУРЛАВАННИЙ ҰЧРЕДДЕРДЕ

БҮЙІРІК

ПРИКАЗ

25.09.2015 т. 104-НК

1/1

«Каскор-Транссервис» акционерлік қоғамының бәсекелес кірме жолдар болмаған жағдайда, жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру қызметіне тарифтік сметасының шекті деңгейін бекіту туралы

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15 бабы 1-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 17 шілдедегі №213-НҚ бұйрығымен бекітілген «Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларының шекті деңгейін бекіту» туралы ережесіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. **2015 жылғы 1 қараша 2019 жылғы 1 қараша аралығына «Каскор-Транссервис» акционерлік қоғамының бәсекелес кірме жолдар болмаған жағдайда, жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру қызметі тарифінің шекті деңгейі **157,98 теңге/вагон/км (ККС-сыз)** мөлшерінде бекітілсін.**

2. «Каскор-Транссервис» акционерлік қоғамының бәсекелес кірме жолдар болмаған жағдайда, жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру қызметінің тарифтік сметасы №1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша Департаментінің 2012 жылғы 20 қарашадағы №132-НҚ «Каскор-Транссервис» акционерлік қоғамының бәсекелес кірме жолдар болмаған жағдайда, жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру қызметі бойынша тарифті және тарифтік сметаны жалпы тәртіппен бекіту туралы» бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

4. Департаменттің Табиғи монополиялар және бағаларды реттеу бөлімі (Ә.Әбдіғалиев) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Комитетінің және «Каскор-Транссервис» акционерлік қоғамының назарларына жеткізсін.

5. Тарифтік сметаның орындалу жауапкершілігі «Каскор-Транссервис» акционерлік қоғамының бірінші басшысына жүктелсін.

6. «Каскор-Транссервис» акционерлік қоғамы тарифті қолданысқа енгізгенге дейін отыз күннен кешіктірмей тұтынушылардың назарына жеткізуге міндетті.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау департамент басшысының орынбасары А.Онаевқа жүктелсін.

8. Осы бұйрық 2015 жылғы 1 қарашадан бастап күшіне енетін 1-бабын есепке алмағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы

Т.Махамбетов